

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

15 тамыз 2022 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0016 ic

UNICORN FEED LIMITED

Талап қоюшы

және

«INTER-TRADE 2050» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

«Компаниялар туралы» АХҚО Регламентінің 124-бабына сәйкес Сот төменде келтірілген шешімде баяндалған негізде Жауапкер мен Талап қоюшының бірігуі көзделетін ұсынылып отырған реконструкция механизмін санкциялайды.

ШЕШІМ

1. 2022 жылғы 2 тамызда берілген талап арызда Талап қоюшы «Компаниялар туралы» АХҚО Регламентінің Жауапкердің Талап қоюшымен бірігуі туралы келісім санкцияланатын 124-тарауына сәйкес бұйрық алуға арыз береді.
2. Талап қоюшы Unicorn Feed Limited (“Компания”), «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген жеке компания болып табылады. Unicorn Holdings Limited (“Unicorn Holdings”) Компания акцияларының 100% -ына иелік тиеді.
3. Жауапкер Inter-Trade 2050 (ЖШС) жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Компания ЖШС-ның жалғыз қатысушысы болып табылады.
4. Талап АХҚО Сотының Қағидаларының 23-бөлігімен көзделген қысқартылған өндіріске сәйкес, осы Соттағы алдыңғы істер бойынша судья Эндрю Спинктің QC басшылығына сай берілді (қараңыз: 2011 жылғы № 11 іс, *Wemining Limited v Wemining LLP*; 2021 жылғы №12 іс *Unicorn Crops Limited v Kialy Agro-10 LLP & Others*; 2022 жылғы №2 іс, *Caspian Research Group Limited v Astana Invest LLP*). Тиісті арыз талап арызда берілген. ЖШС 23.7-23.9 Қағидаларға сәйкес табыстау туралы растама берген жоқ, бірақ оның уәкілетті өкілі Соттың Аппаратына жолданған электрондық хатта ЖШС-ның арызды дауламайтынын және соттан арызды оның мазмұнына сәйкес қарауды сұрайтынын көрсеткен.
5. Сотқа арызды қолдау ретінде берілген құжаттар мыналарды қамтиды:
 - (1) Unicorn Holdings атынан берілген ол мен Компания арасындағы қалған дауларды реттеу мақсатында оның, басқа мәселелерден басқа, ЖШС-ның Компаниямен қосылуы жөнінде және Қосылу туралы келісімді Сотқа ұсынылған нысанда бекіту жөнінде шешім қабылдағаны туралы жазбаша растама. Бұл, өз кезегінде, 2022 жылғы 14 ақпанда өткен Unicorn Holdings акционерлерінің жиналыстары мен Директорлар кеңесінің хаттамаларымен расталады.
 - (2) ЖШС-ны Компаниямен біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру және басқа мәселелердің арасында Қосылу туралы келісімді бекіту туралы ЖШС-ның Жалғыз қатысушысы ретіндегі Компанияның 2022 жылғы 14 ақпандағы шешімі.
 - (3) Қосылу туралы келісімнің өзі. Онда барлық құқықтар мен міндеттемелерді ЖШС-ның Компанияға табыстауымен ЖШС-ның Компаниямен қосылуы көзделген. Онда Тараптардың теңгерімдері туралы негізгі деректер келтірілген. Онда қайта ұйымдастыру процедурасы, соның ішінде кредиторларға және тиісті органдарға хабарлау көзделген және процесс аяқталған соң Компания ЖШС-ның барлық міндеттемелері бойынша ЖШС-ның мұрагеріне

айналатыны және ЖШС Қазақстан Республикасының Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізбесінен алынып тасталатыны көзделген.

- (4) Компанияның кредиторларына және ЖШС-ның кредиторларына хабарлау туралы өтініштер. Сот кредиторлардың наразылықтары туралы ешқандай мәліметтер алған жоқ.
- (5) Компанияның және ЖШС-ның қаржылық жағдайлары туралы, қысқамерзімді және ұзақмерзімді міндеттемелер мен активтерді, сонымен қатар капиталды қамтитын есептер; және Компания мен ЖШС-ның салықтық берешектері/артық төлемдері туралы жекелеген есептер.
6. «Компаниялар туралы» АХҚО Регламентінің 124 тарауы 124(1) тарауға сәйкес, егер компания мен оның акционерлерінің арасында ымыраға келу немесе келісім ұсынылғанда қолданылады. Тарау бұл жағдайда жоғарыда қысқаша баяндалған мәселелер компания мен оның жалғыз акционері - Unicorn Holding арасында ұсынылған келісім болып табылады.
7. 124(2) тарауға сәйкес, Сот ұсыныс бойынша дауыс беру үшін акционерлер жиналысын өткізу туралы өкім бере алады, ал 124(3) тарауға сәйкес, егер жиналысқа қатысып және дауыс беріп отырған акционерлердің төрттен үшін білдіретін көпшілік келісіммен келіссе, Сот келісімді санкциялай алады. Алайда Соттың келісімді 124(3) тарауға сәйкес санкциялау өкілеттігі бұл жағдайда мұндай жиналысты тағайындау қажеттілігінсіз туындайды, өйткені Компанияның жалғыз акционері келісім туралы толық ақпараттың негізінде ұсыныстың пайдасына шешім қабылдап қойды.
8. Компания мен ЖШС келісімге келіскен және, талап арызда берілген ақпаратқа сәйкес, Қосылу туралы келісімге қол қойып та қойған.
9. Келісім, ұсынылғандай, ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттемелерін Компанияға табыстау жолымен үшінші тараптардың жағдайын барабар қорғайды. Шынында да, Сотта біріктірілген кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы шектеулі ғана ақпарат бар және, бір қарағанда, Компанияның жалпы міндеттемелері оның активтерінен асады; бірақ ЖШС-ның мәлімделген міндеттемелері салыстырмалы түрде көп емес, кредиторларға хабарланған және, жоғарыда аталып көрсетілгендей, Сот ешқандай наразылықтар алған жоқ.
10. Осы мән-жайларда мен ұсынылған келісімді Соттың 124(3) тарауға сәйкес бұйрықпен санкциялағаны мақсатқа сәйкес болады деп санаймын.

Сот қабылдады,

Стивен Ричардс,

Судья, АХҚО Соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан Оралбаев Шыңғыс Бейбітұлы мырза болды, Grata Law Firm LLP.

Жауапкердің атынан Донаков Адиль Талгатович мырза болды, Grata Law Firm LLP.